

## КАСТОДИАНДЫҚ ҮЛГІ ШАРТЫ

### *Күшін жойған*

Бекітілді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі Бұйрық 1998 жылғы 17 ақпан N 17-ө Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 15 наурызда тіркелді. Тіркеу N 482. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 139 қаулысымен.

### КАСТОДИАНДЫҚ ҮЛГІ ШАРТЫ

199\_\_ жылғы \_\_\_\_\_  
(елді мекеннің атауы)

Осы Шарт мына тараптардың арасында жасалды:  
бұдан әрі "Қор" деп аталатын Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры

\_\_\_\_\_  
(қордың атауы, лицензияның N және берген күні)  
атынан \_\_\_\_\_

( л а у а з ы м ы , Т . А . Ә . )

бұдан әрі "Компания" деп аталатын Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның \_\_\_\_\_

(компанияның атауы, лицензияның N және берген күні)

атынан \_\_\_\_\_  
( л а у а з ы м ы , Т . А . Ә . )

бұдан әрі "Кастодиан" деп аталатын Кастодиан-Банкі

\_\_\_\_\_  
(банктің атауы, лицензияның N және алған күні)

### 1 . Ш а р т т ы ң м е н і

Осы Шарт "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының Заңдары мен Азаматтық Кодексіне сәйкес қабылданған нормативтік актілерге сәйкес жасалады.

1.1. Қор Салымшылардан зейнетақы жарналарын қабылдауды және Қордағы жеке зейнетақы шоттарында жинақтаушы зейнетақы қаражаттары бар алушыларға зейнетақы төлеуді жүзеге асырады. Бұл функцияларды жүзеге асыру үшін Қор Кастодианда шоттар ашады.

1.2. Компания Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оларды

орналастыру жолымен Қордың зейнетақы активтеріне инвестициялық басқаруды жүзеге асырады және зейнетақы активтерін басқаруға \_\_\_\_\_ жасалған N \_\_\_\_\_ шарттың ережелеріне сәйкес Кастодиандағы Қордың тиісті шоттарына  
и е л і к е т е д і .

1.3. Кастодиан оған сеніп тапсырылған зейнетақы активтеріне есеп жүргізуді, сонымен бірге Компанияның және Қордың зейнетақы активтеріне иелік етуіне қатысты заңдардың сақталуына бақылау жасауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ көмекші журналдар мен жеке шоттар жүргізу арқылы балансқа есеп жүргізуді жүзеге асырады.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

### 2.1. Кастодиан мыналарға міндетті:

2.1.1. оған сеніп тапсырылған жинақталған зейнетақы қаражаттарын есепке алу үшін Қорда мынадай шоттар ашады:

а) "Клиенттердің ағымдағы шоттары" баланстық шотында:

- зейнетақы жарналарын, инвестициялық табысты есептеу және оларды қаржы құралдарына инвестициялауға арналған жеке шоттар;

- зейнетақы төлеуді және басқа қорларға аударым жасауды жүзеге асыруға арналған жеке шоттар;

б) "Акциялар және сақтауға арналған басқа да бағалы қағаздар" 7360 меморандумы шоттарындағы бағалы қағаздарды және басқа қаржы құралдарын есепке алуға арналған жеке шот.

2.1.2. Бағалы қағаздар бойынша табыстардың уақтылы түсуіне бақылауды жүзеге асырады;

2.1.3. заңдарда және эмитентпен белгіленген мерзімдерде Қорды және Компанияны бағалы қағаздар бойынша корпоративтік іс-әрекеттер туралы ақпараттандырады, зейнетақы активтері портфеліне кіретін бағалы қағаздарды нақты ұстаушының функциясын жүзеге асырады;

2.1.4. есептік, кассалық және Компания мен Қордың тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының талаптарына қайшы келмейтін, зейнетақы активтеріне қатысты өзге де операцияларды жүзеге асырады;

2.1.5. жинақталған зейнетақы қаражатының қаржы құралдарының түрлері бойынша мақсатты инвестициялануына және Қордың комиссиялық сыйақыларының заңдарда белгіленген мөлшерлерде және зейнетақы активтерін басқаруға \_\_\_\_\_ жасалған N \_\_\_\_\_ шартта белгіленген тәртіппен есептелуіне бақылауды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеушілік белгілі болған жағдайда дереу Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияға (бұдан әрі - БҚҰК) және Ұлттық зейнетақы агенттігіне (бұдан әрі - ҰЗА) және Қорға хабарлай отырып Компанияның (Қордың) бұйрықтарын

өткізбейді

(орындамайды).

2.1.6. жинақталған зейнетақы қаражаттарының қауіпсіз және құпия сақталуын және банктік заңдарға сәйкес есеп жүргізілуін қамтамасыз етеді;

2.1.7. саудаластықтарды ұйымдастырушылар мен Орталық депозитарий белгілеген ережелерге сәйкес бағалы қағаздарды алады және береді;

2.1.8. Қорға және Компанияға 2.1.1.-тармақта аталған шоттардың көшірмелерін күн сайын береді;

2.1.9. апта сайын Қормен және Компаниямен зейнетақы жарналары түсімдерінің сомалары, жинақталған зейнетақы қаражатынан төлем жасалған сомалар, алынған инвестициялық табыс сомалары және өткен кезеңдегі салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражаттарын басқа қорға аудару, Қормен зейнетақы активтерін бағалау туралы ақпараттарға қарама-қарсы салыстыра тексеру жүргізеді;

2.1.10. ай сайын Компаниямен мыналар бойынша ақпараттарға қарама-қарсы салыстыра тексеру жүргізеді:

- зейнетақы активтері сомасына;
- инвестициялауға жіберілген сомаға қаражат құралдарының түрлері бойынша жеке-жеке;

- зейнетақы төлеу шотына аударылған қаражаттар сомасына.

2.1.11. Операциялық күн ішіндегі Алушының жинақталған зейнетақы қаражаты сомасын басқа Қордың Кастодианына аударым жасау туралы Қордың тапсырысын атқарады;

2.1.12. осы Шартты атқару кезінде Қор және оның алушылары туралы алынған заңдарға сәйкес сапалы жүргізуге мүмкіндік жасайды;

2.1.13. Қор (Компания) жалдап алған аудиторға тексеруді қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сапалы жүргізуге мүмкіндік жасайды;

2.1.14. Кастодиан осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

## 2.2. Кастодиан:

2.2.1. осы Шарттың ажырамайтын бөлігі болып табылатын қосымшада келтірілген тарифтерге сәйкес сыйақы алуға құқылы.

## 2.3. Қор мыналарға міндетті:

2.3.1. 2.1.1.-тармақта аталған жинақтаушы зейнетақы қаражаттары шоттарын ашады;

2.3.2. айдың 25-інен кешіктірмей, ай сайын Компанияға күндер бойынша бөліп, алда тұрған зейнетақы төлемдерінің кестесін береді;

2.3.3. Компанияға басқа жинақтаушы зейнетақы қорларына аударым жасауға, алушы қайтыс болған жағдайда және алушы Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға кететін жағдайда төлем жасау үшін қажетті

ақшаның сомасы туралы алты банктік күннен кешіктірмей мәліметтер береді;

2.3.4. түскен зейнетақы жарналарының сомасы, жинақталған зейнетақы қаражатынан төлем жасалған сомалар, алынған инвестициялық табыстар мен өткен кезеңде басқа қорға аударылған жинақталған зейнетақы қаражаты сомалары туралы, сондай-ақ бағалы қағаздар портфелінің құрылымы мен зейнетақы активтерін бағалау туралы Компаниямен және Кастодианмен апта сайынғы ақпараттарды қарама-қарсы салыстыра тексеру негізінде Компаниямен және Кастодианмен зейнетақы активтерінің есебін жүргізудің және бағалаудың сәйкес келуін қамтамасыз етеді;

2.3.5. Қор осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді басқа тұлғаларға беруге құқысы жоқ;

2.3.6. Өз салымшыларына олардың зейнетақы шоттарының жай-күйі туралы мәліметтерді хабарлауға және Кастодианда ашылған жинақтау шотындағы түсімдердің толықтығына бақылау жасайды.

2.4. Қор мыналарға құқылы:

2.4.1. Компаниядан Қордың зейнетақы активтерін орналастыру жөніндегі инвестициялық қызметтері туралы күн сайын есеп алуға;

2.4.2. Кастодианнан күн сайын 2.1.1-тармақта аталған шоттардың жай-күйі туралы ақпарат алуға;

2.4.3. Қордың шоттары бойынша қозғалыстар туралы кемінде айына бір рет Кастодианнан есеп алуға;

2.4.4. зейнетақы төлемдері жөніндегі шотқа иелік етуге;

2.4.5. Компаниядан зейнетақы төлемдері шотына мәлімденген сома шегіндегі қаражатқа есептеме жасауын талап етуге;

2.4.6. өз қаражатына есеп жүргізу үшін Кастодианда шот ашуға;

2.4.7. тәуелсіз аудиторға Кастодианның заңға сәйкес және осы шарт бойынша операцияларды жүзеге асыруға қатысты қызметіне тексеру жүргізуді тапсыру.

2.5. Компания мыналарға міндетті:

2.5.1. Кастодианның зейнетақы активтерін орналастыру туралы бұйрықтарын тіркейтін құжаттамаларды жүргізу;

2.5.2. Кастодианға брокер (бірінші диллер) соңғы тапсырымды алған күні тапсырымның көшірмесін табыс етуге тиіс. Егер Компания бағалы қағаздар операцияларына дербес қатысқысы келген жағдайда, бағалы қағаздармен сатып алу-сату шартына тұрған күні Кастодианды хабардар етуге міндетті.

**ЕСКЕРТУ. 2.5.2.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі 1998.03.25 N 39 бұйрықпен .**

2.5.3. апта сайын Қормен және Кастодианмен зейнетақы жарналарының түсімдері сомаларының, жинақталған зейнетақы қаражатынан төлем жасалған

сомалар, алынған инвестициялық табыс сомалары және өткен айдағы салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражаттарын басқа қорға аудару, зейнетақы активтерін бағалау туралы ақпараттарға Қормен қарама-қарсы салыстыра тексеру жүргізеді;

2.5.4. ай сайын Кастодианмен мыналар бойынша ақпараттарға қарама-қарсы салыстыра тексеру жүргізеді:

- зейнетақы активтері сомасына;  
- инвестициялауға жіберілген сомаға қаражат құралдарының түрлері бойынша жеке-жеке;

- бағалы қағаздарды сатудан түскен сомаға;

- комиссиялық сыйақылар сомасына;

- зейнетақы төлеу шотына аударым жасалған қаражат сомасына;

2.5.5. жинақталған зейнетақы қаражатын Қордың тапсырысы бойынша зейнетақы төлеу үшін шотқа жіберу;

2.5.6. Қорға күн сайын зейнетақы активтерімен инвестициялық қызмет бойынша есеп беру;

2.5.7. Компанияның осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

2.6. Компания мыналарға құқылы:

2.6.1. Кастодианнан күн сайын 2.1.1-тармақта аталған шоттардың жай-күйі туралы ақпарат алуға;

2.6.2. тәуелсіз аудиторға Кастодиан қызметінің заңға сәйкестілігіне және осы шарт бойынша операциялардың жүзеге асырылуына қатысты тексеру жүргізуді тапсыру.

3. Кастодианның көрсеткен қызметтеріне ақы төлеу мөлшері мен тәртібі

3.1. Кастодианның көрсеткен қызметтері үшін Компания мен Қор осы Шарттың ажырамайтын бөлігі болып табылатын қосымшада келтірілген тарифтерге сәйкес сыйақы төлейді.

3.2. Компания осы Шарттың 2.1.1-тармағының "а" және "в" тармақшаларында аталған шоттар бойынша көрсетілетін мынадай қызметтерге ақы төлейді:

а) транзакциялық

б) корпоративтік қызмет

в) басқалары

3.3. Қор осы Шарттың 2.1.1.-тармағының "б" тармақшасында аталған шоттар бойынша көрсетілетін қызметтерге толық ақы төлейді, сондай-ақ осы Шарттың

2.1.1-тармағының "а" және "в" тармақшаларында аталған шоттар бойынша мынадай қызмет түрлеріне ақы төлейді.

а) сақтау және есеп жүргізу;

-----  
б) басқалар.

#### 4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Есептік, кассалық және осы Шарттың 2.1.1.-тармағында аталған шоттар бойынша өзге де операциялар уақтылы атқарылмаған жағдайда Кастодиан заңдарға сәйкес жауапкершілікте болады.

4.2. Қорға және Компанияға Кастодианның міндеттемелерді орындамағаны және осы Шарттың ережелеріне сәйкес орындамауы салдарынан келтірілген шығындар заңда белгіленген тәртіпте өтеуге жатады.

4.3. Кастодиан Компанияның инвестициялық шешімдеріне жауапкершілік атқармайды.

#### 5. Шарттарды өзгерту және бұзу тәртібі мен жағдайлары

5.1. Осы Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша жазбаша түрде өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

5.2. Тараптардың біреуі Шартты бұзу туралы шешім қабылдаған жағдайда ол туралы осы Шарттың 5.3., 5.4.-тармақтарында жазылған ерекшеліктерді ескере отырып, қолданылып жүрген заңда белгіленген тәртіпте басқа тараптарға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

5.3. Кастодианның бастамашылығы бойынша шарт бұзылған жағдайда ол осы шартты бұзу туралы жазбаша хабарлауды Қор немесе Компания алған сәттен бастап отыз күннен асырмай, Қор мен Компания басқа кастодианмен кастодиандық шартқа қол қойған сәтке дейін осы Шарт бойынша міндеттемелерді атқаруға міндетті.

**ЕСКЕРТУ. 5.3.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі 1998.03.25 N 39 бұйрықпен.**

5.4. Осы шартты бұзу туралы жазбаша хабарламаны Кастодиан, Қор немесе Компания алған сәттен бастап үш күн мерзімде міндетіне қордың активтерін түгендеу және оларды басқа Кастодианға беру әдістері мен мерзімдерін айқындау кіретін, Кастодианның, Қордың және Компанияның уәкілетті өкілдерінен құралған келісім комиссия құрылады, олардың міндетіне Қордың активтерін түгендеу және оларды тараптардың біріне беру әдістерін жаңа кастодиандық шартпен бекіту жүктеледі.

**ЕСКЕРТУ. 5.4.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі**

5.5. Зейнетақы активтерін басқа Кастодианға беру Қор мен Компанияның осы Шарт бойынша Кастодиан алдындағы барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін жүзеге асырылады.

6. Шарттың қолданылу мерзімі

6.1. Шарт \_\_\_\_\_ бастап күшіне енеді.

6.2. Осы Шарттың қолданылу мерзімі шектеусіз.

7. Дауларды шешу тәртібі

7.1. Тараптардың осы шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының соттары Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының негізінде, олардың құзыретіне сәйкес қарайды.

Осы шарт бірдей заңдық күші бар үш данада, қазақ және орыс тілдерінде жасалды. Көшірмелері БҚҰК-ға және ҰЗА-не берілді.

8. Тараптардың реквизиттері мен қолдары

Қор

Компания

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(Қордың, Филиалдың  
Өкілдіктің реквизиттері,  
мекен-жайы, телефоны,

есептік шоты, және т.б.)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(Компанияның реквизиттері,  
мекен-жайы, телефоны,  
есептік шоты және т.б.)

(Қор өкілінің қолы)

МО

(Компания өкілінің қолы)

МО

К а с т о д и а н

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(Кастодианның реквизиттері,  
мекен-жайы, телефоны,

есептік шоты және т.б.)

МП

**Ескертпе:** Тараптар кастодиандық шарттың ережелерін кеңейтуге және нақтылауға құқылы. Мұндай жағдайда толықтырулар осы үлгі шартының ережелеріне және заңдарға қайшы келмеуі тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК